



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаттары  
**Н. Нұрсипатовқа**  
**А. Нұхұлына**

2021 жылғы 2 желтоқсанда  
№ 16-13-42Д/С сауалға

**Құрметті Нұржан Нұрланбекұлы!**  
**Алтынбек Нұхұлы!**

Сіздердің «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» жобасын (бұдан әрі – «Серпін» жобасы) іске асыруға қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Әлеуметтік көмек шаралары қарастырылған «Оңтүстік өңірдің жастары арасынан мемлекеттік тапсырыс бойынша техникалық және кәсіптік білім алатын бір маманды даярлау шығынын есептеу тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 517 бұйрығы оңтүстік облыстардың жастарын солтүстік өңірлердің Техникалық және кәсіптік білім (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарында оқытуды ұйымдастырудың заңнамалық нормалары болмағандықтан, Есеп комитетінің ұйғарымына сәйкес күші жойылған.

Осыған орай «Серпін» жобасын іске асыру тәртібі, бағдарлама қатысушыларына көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлері «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасында көзделген. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысы)

Жалпы 2014 жылдан бастап «Серпін» жобасы шеңберінде 34 колледжге 30 мамандық бойынша 4698 адам қабылданып, қазіргі уақытта солтүстік өңірлердің 18 колледжінде 385 адам білім алуда. ТЖКБ ұйымдарын 3612 адамды аяқтады, оның ішінде 3392 (93,9%) адам жұмысқа орналастырылған.

«Серпін» жобасы түлектерінің оқыған өңірлерінде тұрақтап қалуына жәрдемдесу мақсатында жоба түлектері өңіраралық қоныс аударуға қатысушылар қатарына жатқызылған.

Осылайша, 2018 жылдан бастап өңіраралық қоныс аудару қатысушыларының құрамына 445 түлек енгізілді, оларға мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді.

Қазіргі күні Үкіметтің тапсырмасына сәйкес «Серпін» бағдарламасын іске асыру тиімділігіне талдау жүргізу және жобаны одан әрі дамытуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрылып, жұмыс істеуде (БФМ-нің 2021 жылғы 12 тамыздағы № 399 бұйрығына сәйкес).

Жұмыс тобы отырыстарында Жобаны одан әрі тиімді іске асыруға бағытталған мынадай ұсыныстар әзірленді:

- «Серпін» жобасының түлектеріне барлық жұмыс күші тапшы өңірлерде жұмыс істеуге мүмкіндік беру;

- ауылдық жерлерде еңбек қызметін жүзеге асыратын «Серпін» жобасының түлектері үшін еңбекпен өтеу кезеңін 3 жылдан 2 жылға дейін қысқарту;

- 100 АЕК мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төлеу;

- тұрғын үй сатып алу және салу үшін бюджеттік кредит беру;

- бизнес-жобаларды іске асыруға арналған кредиттер/микрокредиттер;

- жергілікті атқарушы органдардың қажеттілігі негізінде «Серпін» жобасы шеңберінде кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу;

- жұмыс берушілердің ақпараты негізінде «Электрондық еңбек биржасы» порталы арқылы сұранысқа ие мамандықтар бойынша бос жұмыс орындары дерекқорын қалыптастыру;

- жұмыс берушілердің «Серпін» жобасының түлектерін жастар практикасынан өту үшін кейіннен кепілді жұмысқа орналастыратын жұмыс орындарын ұсынуы.

«Серпін» жобасының студенттерін әлеуметтік қолдау, оның ішінде үш мезгіл тамақпен, өңірлерге келу үшін жол жүрумен, жатақханалардағы орындармен және киім-кешекпен қамтамасыз ету мәселелері жұмыс тобының алдағы отырыстарында қаралатын болады.

Жұмыс күші тапшы өңірлер үшін кадрлар даярлау осы өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары үшін мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемінен жыл сайынғы 10%-дық квота қарастыру арқылы жалғастырылатын болады.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасында «Серпін» жобасының түлектеріне жұмыс істеу және тұру үшін ауылдық елді мекендерге келген адамдарға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредиттер бере отырып, өңіраралық еңбек ұтқырлығы (Оңтүстік-Солтүстік) шеңберінде қоныс аударушыларға қолдау көрсету бойынша шаралар көзделген.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасатын болады және Үкіметтің бақылауына алынған.

**Е. Тоғжанов**